

«Сейфуллин оқулары – 18: «Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.III. – Б.225-227

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЦИФРЛАНДЫРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Карабай Д., 3 курс студенті

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Соңғы онжылдықтарда әлем цифрлық технологиялар оны қалыптастырудың негізгі құралына айналатын жаңа типтегі экономикаға бет бұруда. Жеке және мемлекеттік секторлардың жұмысында ақпараттық технологиялардың рөлін кеңейту Цифрлық мемлекетке көшу үшін негіз болып табылады [1].

Қазақстан Үкіметі мен мемлекеттік органдары ұзақ мерзімді экономикалық өсуді айқындауда қоғамды ақпараттандырудың және цифрлық технологияларды дамытудың маңыздылығын сезіне отырып, мемлекеттік саясаттың түйінді бағыттарының бірі ретінде осы саланы дамытуға белсенді қатысады.

Қазіргі уақытта көптеген елдерде цифрландыру дамудың стратегиялық басымдығы болып табылады. Әлемдік жетекші сарапшылардың болжамдарына сәйкес, 2020 жылға қарай әлемдік экономиканың төрттен бір бөлігі цифрлық болмақ, және мемлекетке, бизнеске және қоғамға тиімді өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін экономиканы цифрландыру технологияларын енгізу ауқымды және динамикалық үдеріске айналып келеді. Әлемнің 15-тен астам елі цифрландырудың ұлттық бағдарламаларын іске асыруда: Дания, Норвегия, Ұлыбритания, Канада, Германия, Сауд Арабиясы, Үндістан, Ресей, Қытай, Оңтүстік Корея, Малайзия, Сингапур, Австралия, Жаңа Зеландия және Қазақстан. Қытай өзінің «Интернет плюс» бағдарламасында цифрлық индустрияларды дәстүрлімен ықпалдастырады. Сингапур «Ақылды экономиканы» қалыптастырады, Канада Торонтода АКТ-хаб құрады. Ал, Оңтүстік Корея «Креативті экономика» бағдарламасында адами капиталды дамытуға, кәсіпкерлікке және АКТ жетістіктерін таратуға бағыт алады, ал Дания мемлекеттік секторды цифрландыруды көздейді.

«Көріп отырғанымыздай түрлі елдер цифрлық түрлендіру саласында алдына түрлі басымдықтар қояды. Біздің жағдайымызда “Цифрлық Қазақстан” бағдарламасында біз тұрақты экономикалық өсімге жету үшін цифрлық экожүйенің ілгерінді дамуын күтеміз», - деп атап өтті Руслан Еңсебаев[2].

Ақпараттық технологиялардың жаһандық ауқымда қарқынды дамуы өз ережелерін талап етеді және Қазақстан "Цифрлық Қазақстан" жаңа мемлекеттік бағдарламасын әзірледі.

Мемлекеттік бағдарлама бес негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- Экономика салаларын цифрландыру — цифрлық технологияларды қолдану және енгізу арқылы Қазақстан экономикасының дәстүрлі секторларын түрлендіру⁷

- Цифрлық мемлекетке көшу — қажеттіліктерді болжай отырып, қызмет көрсету тәсілдерін және мемлекеттің азаматтармен және бизнеспен өзара қарым-қатынасын түрлендіру.


- Цифрлық Жібек жолын іске асыру — ел ішінде де, транзиттік әлеуетті іске асыру үшін де деректерді беру, сақтау және өңдеудің жоғары жылдамдықты және қауіпсіз инфрақұрылымын дамыту.

- Адам капиталын дамыту — жасампаз қоғам құруды қамтитын өзгерістер.

- Инновациялық экожүйені құру — бизнестің, ғылыми саланың және мемлекеттің тұрақты байланыстарымен технологиялық кәсіпкерлікті және инновацияларды дамыту үшін жағдай жасау.

Қазақстанда ақпараттық қоғамның құрамдас бөліктерінің бірі "электрондық үкіметті" қалыптастыру мен дамытуға басты назар аударылды, бұған жоғары халықаралық рейтингтер дәлел бола алады. Алайда, ақпараттық қоғамды қалыптастыру міндеті тек "электрондық үкіметті" және телекоммуникация саласын дамытудан гөрі кең екені сөзсіз. Осыған байланысты елімізде "Ақпараттық Қазақстан - 2020" және "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламалары қабылданды.


"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы республиканың дамыған 30 цифрлық мемлекеттің қатарына кіруі үшін технологиялық серпілісті іске асыруға бағытталған.



"Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы шеңберінде іске асырылған барлық іс-шаралар мен жобалар мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен ашықтығын арттыруға, халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге, сапаны арттыруға көмектеседі.

Сондай-ақ инвестициялық ахуалды жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру және ЖІӨ құрылымында шағын және орта бизнес үлесінің өсуі.

2021 жылы "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде:



Мемлекеттік бағдарламаның бастамашылары оны іске асырудың 2025 жылға қарай әсері жөнінде жаһандық көзқарасқа ие болды:

- өнімділік деңгейін үздік елдермен салыстыруға болады;
- бәсекеге қабілетті экспорттық өндірістер;

- Қазақстандық компанияларды капиталдандырудың айтарлықтай өсуі [3]. Қазақстанда дәстүрлі салаларды цифрлық трансформациялауды, адами капиталды дамытуды, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыруды және цифрлық инфрақұрылымды дамытуды қамтитын цифрландыру бағдарламасының барлық 4 компоненті іске қосылады.

Алдын ала бағалау бойынша, 2025 жылға қарай Қазақстан экономикасын цифрландырудан келетін тікелей пайда — қосымша 1,7 – 2,2 трлн теңгені құрайды. Осылайша 2025 жылға қарай жеке инвестицияларды ескере отырып, инвестициялардың жалпы көлеміне инвестициялардан 4,8 — 6,4 есе қайтарымды қамтамасыз етеді.

ЖІӨ тұрғысынан ең маңызды нәтижесі 12 негізгі жобаға түседі:

- АТ-стартаптардың халықаралық технопаркін құру (Astana Hub);
- «Интеллектуалды кен орны» жобаларын іске асыру, Индустрия 4.0 технологияларын енгізу, модельдік фабрикаларды құру;

- Rare-Free принципін енгізу;
- Зияткерлік көлік жүйесін құру;
- Электрондық сауданы дамыту;
- ШОБ үшін цифрлық платформа құру (бірыңғай терезе);

Көлеңкелі айналымды қысқарту үшін тауарларды таңбалауға арналған ақпараттық жүйені дамыту;

- Қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру; Ашық платформаларды (Open API), Big Data және жасанды зердені дамыту;

Телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде кеңжамақты желіні жүргізу;

- Кедендік және салықтық әкімшілікті жетілдіру және электрондық мағлұмдауға көшу;

- Smart City жобаларын іске асыру [4].

Қорытындылай келе цифрландыру еліміздің экономикасының даму қарқынын жеделдету және орта мерзімді перспективада цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан экономикасының болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін жаңа даму траекториясына көшуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы "Қазақстанның Үшінші жаңғыруы жаһандық бәсекеге қабілеттілік" жолдауы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827>

2 Цифровизация экономики: мировой опыт и возможности прорыва для Казахстана- на. <https://strategy2050.kz/ru/news/51190/>

3 Исаева Г.К., Купешев А.Ш., Купешова А.К., Куралбаева А.Ш. Роль и влияние цифровых технологий на экономическую трансформацию Казахстана. <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-i-vliyanie-tsifrovyyh-tehnologiy-na-ekonomicheskuyu-transformatsiyu-kazahstana>

4 Issabayeva S, Yesseniyazova, B and Grega, M Electronic Public Procurement: Process and Cybersecurity Issues // NISPACEE JOURNAL OF PUBLIC ADMINISTRATION AND POLICY , 2019, 12 (2) , pp.61-79.

5 <https://www.webofscience.com/wos/woscc/summary/9edc59ea-b178-45a4-8f88-a3cca111ce90-2e7aff9d/relevance/1>

Ғылыми жетекші: Шаукерова З.М., э.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.